

**Жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Лебяжі аудандық әкімдігінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 24/2 шешімі. Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 3 наурызда N 2322 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 07 тамыздағы N 125/8 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2009.08.07 N 125/8 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы" N 149-ІІ Заңдарын жүзеге асыру мақсатында аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мен ұйымдастыру Ережелері , тұрғындарды мақсатты тобының құрамына кіретін азаматтар тізімі бекітілсін.

2. Аудандық тұрғындарды жұмыспен қамту бөлімі:

1) ауданның кәсіпорындары мен ұйымдарымен тұрғындарды мақсатты тобындағы жұмыссыздары үшін 90 әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін келісім-шарт жасасын ;

2) ауданның кәсіпорындары мен ұйымдарымен әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөніндегі келісім-шарт жасауды олардың тапсырысы негізінде жүргізсін ;

3) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға икемді кәсіпорындар мен ұйымдар, шаруа қожалықтарының тізімін анықтасын.

3. Аудандық қаржы бөлімі бекітілген қаражат шеңберінде аудандық бюджеттен әлеуметтік жұмыс орындарының уақытында қаржыландырылуын қамтамасыз етсін .

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Н.О.Сағандықовқа жүктелсін.

*Аудан әкімі Н.Әшімбетов*

Лебяжі аудандық әкімдігінің  
2004 жылғы 29 қаңтардағы  
" Жұмыспен қамту саласында  
азаматтарды әлеуметтік қорғау

## **Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мен ұйымдастыру ҚАҒИДА 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағида жұмыссыз азаматтар үшін әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мен ұйымдастыру қағидаларын анықтайды және әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын ұйымдармен (меншік түріне қарамастан) есептік жүйе мен негізгі талаптарын реттейді.

2. Осы ережелерде қолданылатын негізгі түсініктер:  
әлеуметтік жұмыс орны - жергілікті бюджет қаражаты есебінен қабылданған жұмыскерлердің еңбекақысын төлеуге жұмыс берушінің шығының бөлшектеп өтеумен жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелген тұрғындардың мақсатты тобындағы жұмыссыз азаматтар үшін жұмыс берушілермен берілетін немесе ұйымдастырылатын жұмыс орны.

3. Мақсатты топтар-Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы" N 149-ІІ Заңымен белгіленген жұмысқа орналасуда қиындықтар көретін және әлеуметтік қорғауды қажет ететін азаматтар тобы.

Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмыссыздар Қазақстан Республикасының еңбек, сақтандыру, зейнетақымен қамтамасыз ету жөніндегі заңнамалық актілер негізінде қабылданады.

4. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу олардың келісімімен аудандық жұмыспен қамту бөлімімен жүзеге асырылады.

## **2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және оларға жұмыссыз азаматтарды орналастыру тәртібі**

5. Әлеуметтік жұмыс орындары арнайы тұрғындардың мақсатты тобындағы жұмыссыздары үшін ауданның жұмыспен қамту бөлімі мен мекеме, ұйым, шаруа қожалықтары (жұмыс беруші) арасында 6 ай мерзімге дейін келісім-шарт бойынша ұйымдастырылады.

6. Тұрғындарды мақсатты тобындағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындары аудандық бюджет қаражаты есебінен қабылданған жұмыскерлердің еңбегін жартылай төлеу шартымен мекеме, ұйымдармен құрылады немесе беріледі.

7. Әлеуметтік жұмыс орындарын құратын немесе беретін мекеме, ұйымдар тізімі, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру шарттары аудан әкімдігінің қаулысымен анықталады.

8. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын мекемелерді іріктеу жұмыспен қамту бөлімімен жүргізіледі.

9. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыскерлерге кейіннен тұрақты жұмысқа орналасуға кепілдік беретін мекеме мен ұйымдар іріктеледі.

10. Мекемелер мен ұйымдармен әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздар жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органдарда есептен алынады.

11. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыскерлердің еңбек ақысы жұмыс берушімен, Қазақстан Республикасының нормативтік-заңнамалық актілерімен сәйкес белгіленеді.

### **3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру шарттары мен көздері**

12. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері: жергілікті бюджет пен жұмыс берушінің қаражаты.

13. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру жергілікті бюджет қаражатынан жұмыспен қамту бағдарламасының "Жұмыспен қамту" 010 бағдарламасы "Тұрғындарды жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар" 103 бағдарламашасы бойынша жүзеге асады.

14. Жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті орган жұмыс берушімен жергілікті бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздардың еңбекақысын жартылай төлеу туралы қызмет көрсету келісім-шартын жасайды.

15. Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан жұмыссыздардың еңбекақысының шығыны жергілікті бюджет қаражатынан белгіленген еңбек ақының 50 пайызы мөлшерінде, бірақ республика бойынша белгіленген ең аз еңбекақыдан жоғары емес мөлшерде өтеледі. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыскердің жартылай өтемақысын төлеуге арналған бюджеттік қаржы жұмыс берушінің есеп шотына аударылады.

### **4. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мен ұйымдастыру тәртібіне бақылау**

16. Осы Ережені сақтауды бақылау белгіленген заңнамалық тәртіпте мемлекеттік органдарымен жүзеге асады.

Лебяжі аудандық әкімдігінің  
2004 жылғы 29 қаңтардағы  
"Жұмыспен қамту саласында

азаматтарды әлеуметтік қорғау  
бойынша қосымша шаралар туралы"  
N 24/2 қаулысына қосымша

## **Лебяжі ауданы бойынша тұрғындарды мақсатты топтарының ТІЗІМІ**

1. Аз қамтамасыздандырылғандар.
2. 21 жасқа дейінгі жастағы жастар
3. 23 жасқа дейін жастағы балалар үйінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата анасының қамқорлығынсыз қалған балалар
4. Кәмелет жасқа толмаған балаларды тәрбиелейтін жеке басты және көп балалы ата - аналар .
5. Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте тұрақты қарауды, көмек пен қадағалауды қажет ететін азаматтар
6. Зейнет жасына дейінгі тұлғалар (жасы бойынша зейнетке шығуына дейін 2 ж ы л )
- 7 . М ү г е д е к т е р
8. Қазақстан Республикасының қарулы Күштері қатарынан босатылған т ұ л ғ а л а р
9. Мәжбүрлі емдеу немесе бостандығынан айыру орындарынан босатылған т ұ л ғ а л а р
- 10 . О р а л м а н д а р
11. 50 жастан жоғары тұлғалар
12. Дәрігерлік консультативтік кеңес анықтамасы бойынша еңбекке ш е к т е у л е р і б а р т ұ л ғ а л а р
13. Бірде бір жұмыскері жоқ аз қамтамасыздандырылған отбасыларының жұмыссыз азаматтары.